

Шиелі ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 4/2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 3 шілдеде № 8433-11 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 37/25 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 02.12.2025 № 37/25 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шиелі ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшері 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Шиелі аудандық мәслихат төрағасы

А. Жандарбеков